

"Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 2 қазандағы № 367 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 9 қарашада № 4568 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 491 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 24.11.2016 № 491 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы " Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 17-бабына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Ақтөбе облысы әкімдігінің келесі қаулылары жойылсын:
2013 жылғы 1 шілдедегі № 203 "Ақтөбе облысының Дін істері басқармасын құру туралы" қаулысының 2-тармағы;
2014 жылғы 13 қарашадағы № 401 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2013 жылғы 1 шілдедегі № 203 қаулысына толықтыру енгізу туралы" қаулысы.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары С. Қ.Нұрқатоваға жүктелсін.
5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

Б.Сапарбаев

Облыс әкімдігінің
2015 жылғы "2" қазандагы
№ 367 қаулысымен
бекітілді

"Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі (одан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандығы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес әзірленеді және "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мәртебесін және өкілеттігін айқындайды.

"Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі Ақтөбе облысының аумағында азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қымыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

3. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Қазынашылық департаменті" мемлекеттік мекемесінде шоттары болады.

5. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Занды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 030010, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40.

10. "Ақтөбе облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

11. Мемлекеттік органның толық атауы - "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

13. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

14. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер облыстық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы ретінде азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру және іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

16. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыру және діни бірлестіктердің және миссионерлердің қызметі саласында болып жатқан процестерді жан-жақты және объективті зерделеу, қорыту және талдау;

17. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай функцияларды атқарады:

- 1) Өнірде жұмыс істеп тұрған діни бірлестіктердің, миссионерлердің рухани (діни) білім беру үйымдарының қызметін зерделеуді және талдауды жүргізеді;
 - 2) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
 - 3) діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
 - 4) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және занды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізеді;
 - 5) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарайды;
 - 6) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша жергілікті деңгейде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;
 - 7) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуына ұсыныстар енгізеді, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын бекітуге келіседі;
 - 8) ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеуге (функционалдық мақсатын өзгерту) ұсыныстар енгізеді;
 - 9) діни бірлестіктерді құруға бастамашы азаматтардың тізімдеріне тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді;
 - 10) миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді жүргізеді;
 - 11) Ақтөбе облысы әкімдігінің 2013 жылғы 25 ақпандағы № 40 қаулысымен бекітілген Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі Кеңес отырыстарының жұмыстарын үйымдастыруды;
18. Құқықтары мен міндеттері:
- "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзінің міндеттері мен қызметтерін жүзеге асыру мақсатында өз құзыреті шегінде:
- 1) мемлекеттік органдардан, үйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;
 - 2) діни бірлестіктерді құру және олардың қызметі, сондай-ақ азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізуге;
 - 3) өз құзіретіне жататын мәселелер бойынша құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауға;
 - 4) басқарманың құзіретіне кіретін мәселелер бойынша мәжілістер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және өзге де отырыстар өткізуге

;

5) гендерлік және отбасылық-демографиялық саясаттың қалыптастыру және іске асыру мәселелерін қарастыруға;

"Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыру саласындағы заң нормаларының сақталуын өз құзыреті шеңгінде қамтамасыз етеді;

2) өз құзыреті шеңгінде сыйайлас жемқорлықпен қурес жұмысын жүргізеді;

3. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

19. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

20. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Ақтөбе облысының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

21. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысының өкілеттігі:

1) құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, бас және жетекші мамандарды, мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын қызметкерлерді қызметке тағайындауды және қызметтен босатады, көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;

2) "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бұйрықтарын шығарады;

3) "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің атынан мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарда өкілдік етеді;

4) "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы қуресті күшетуге бағытталған шараларды қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қолдануға дербес жауапты болады;

22. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

4. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

23. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайлардажедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

24. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақөз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінебекітілген мүлік коммуналдықменшікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

26.1. Ақтөбе облысының қаржы басқармасы "Ақтөбе облысының Дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілдегі органы болып табылады.

5. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату, осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі

28. "Ақтөбе облысының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Аңсар" ақпараттық-талдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.